**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.:2-14-10. E-mail:
abb.kulan1@yandex.kz

17.09.2026 № 25-02-1788

**Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымының басшыларына**

Т.Рысқұлов ауданы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталық» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылы 14 қыркүйектегі №223 санды хатына сәйкес

Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталық «Ұлт қазынасы – Ұлттық би» атты облыстық би байқауы 2026 жылдың қараша күні өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2026 жылдың 27 қазанына дейін abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына ережедегі жіберілген үлгіге сәйкес өтінімді толтырып жіберу қажет.

Қосымша:3 бет

**Басшының м.а.** **А.Беделбаев**

*орындаған:Г.Абдиева*
*телефон:87474736727*

**Бекітемін**
**Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысының міндеттерін атқарушы**
**________А.Беделбаев**
**«____»_________ 2026 жыл**

**«Ұлт қазынасы –Ұлттық би» атты**
**аудандық би байқауының ережесі**

**Мақсаты:**

- Қазақ би өнерінің алтын қорын қалыптастырған дара тұлғалардың шығармашылық мұрасын ұлықтап, ұлттық би өнерінің құндылықтарын дәріптеу;
- Әлем халықтарының бай би мәдениеті мен өнерін ұлықтап,сан алуан ұлтардың рухани мұрасы мен мәдени құндылықтарын насихаттау;
  Ұлттық би өнерін дамыту арқылы жас буынның шығармашылық қабілетін, патриоттық сезімін арттыру;
- Би өнерінде өзіндік ерекшелігін қалыптастырып, топтан дара шыққан талантты бишінің өнерін ұлықтап, оның шығармашылық жетістіктерін кейінгі буынға үлгі-өнеге ету
- Би өнерінде өз шеберлігін жоғары денгейде таныта білген талантты бишілер мен үздік өнер ұжымдарын саралап, олардың сахнадағы жарқын өнерін лайықты бағалау;

**Байқау ережесі:**

Би байқауына кез келген әуесқой, кәсіби жеке және топтық орындаушылар қатыса алады. Бишілердің жас ерекшелігі 10-21 жас аралығында шектеледі.

***Жас ерекшеліктері:***

- **10-12**
- **13-15**
- **16-18**
- **19-21**

**Ескерту:** Байқауға қатысушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ белгіленген талаптардың сақталуын қадағалау жауапкершілігі топ жетекшісіне жүктеледі.

**Аудандық байқау III кезеңнен тұрады:**

I-кезең: Қазақ биінің алтын қорынан орын алған, ұлттық өнеріміздің асыл мұраларының бірі.

II-кезең: «Әлем халықтарының» биі

III-кезең: I және II кезеңде билеген ансамбль құрамындағы бір қыз жеке би орындау қажет (соло)

**Конкурс шарттары:**

Қатысу туралы өтінішті қабылдау 2026 жылдың 27 қазанына дейін abb_elzat@mail.ru электронды поштасына және орындалатын шығармалардың музыкасын жіберу .

Өтінімде байқауға қатысушылардың толық аты-жөні мен жасы ,би қойылымының атауы, сондай-ақ жетекшісінің аты-жөні көрсетілуі міндетті.

**Би байқауының бағалау критерийлері:**

Қатысушының орындаушылық шеберлігі, сахналық мәдениеті;
Қойылымның көркемдік деңгейі және музыкалық ырғақпен үйлесімділігі;
Топтық қимыл үйлесімі мен костюмнің қойылымға сәйкестігі;

**Жеңімпаздарды марапаттау:**

Жеңімпаздарды жас ерекшеліктеріне қарай саралап, әр санат бойынша жеке марапаттау.

Қазылар алқасы өнер көрсету денгейі мен қойылатын талаптарға сәйкес жүлделі орындардың барлығын тағайындамауға немесе бір жүлделі орынды екі орындаушыға (ұжымға) тең дәрежеде бөлуге құқылы

**Қазылар алқасының шешімі соңғы және қайта қарауға жатпайды!!!**

**Өтетін күні:** - 28 қазан, 2026 жыл
**Тіркелу:** 9:00
**Басталуы:** 10:00
**Өтетін орны: Луговой ауылдық мәдениет үйі**
**Мекен-жай: Луговой ауылы**

*Қосымша 1*

**«Ұлт қазынасы –Ұлттық би» атты**
**аудандық би байқауына қатысу үшін өтініш**

| | |
|---|---|
| Би  ұжымының атауы | |
| Ұжымның  жас ерекшелігі | |
| Аудан | |
| Мекеме атауы | |
| Орындайтын шығармалары:<br>(Жеке орындаушысының аты-жөні) | |
| Хронометраж | |
| Музыка тасымалдаушысы abb_elzat@mail.ru | |
| Жетекшінің аты-жөні, байланыс  нөмірі | |